

*Б.О. Ахатаева<sup>1</sup>, Р.А. Нуртазина<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Нұр-Сұлтан, Қазақстан*

### **МЕМЛЕКЕТТІК – ЖЕКЕ МЕНШІК ӘРІПТЕСТІГІ: ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУ ҮРДІСІ**

*Аңдатпа*

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің анықтамасы, қалыптасуы, теориялық аспектілері әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттеу пәні болып табылады. Берілген мақалада мемлекеттік-жеке меншік әріптестік сипатының әртүрлі аспектілерін, осы қарым-қатынас түрінің құрылуы мен қызмет ету процестерін зерттеген шетелдік ғалымдардың еңбектері, көрші Ресей экономикалық әдебиеттерде мемлекет пен бизнестің қарым-қатынасын дамуына маңызды үлес қосқан ғалымдардың еңбектері зерделенеді. Сондай-ақ, Қазақстандағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі механизмінің пайда болуы, қалыптасуы үрдісі және дамуы қарастырылған.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік-жеке меншік әріптестік, МЖӘ, мемлекет, бизнес, жоба, әлеуметтік саясат, экономикалық өсім, механизм, жеке сектор.

*Б.О. Ахатаева<sup>1</sup>, Р.А. Нуртазина<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Евразийский Национальный Университет им. Л.Н.Гумилева  
Нур-Султан, Казахстан.*

### **ГОСУДАРСТВЕННО-ЧАСТНОЕ ПАРТНЕРСТВО: ПРОЦЕСС СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ**

*Аннотация*

В статье рассматриваются теоретические аспекты государственно-частного партнерства: цели, задачи, регулирование через совершенствование механизмов государственной политики. Делается дискурс по формированию государственно-частного партнерства и эффективность механизма взаимоотношений между государством и частным сектором на примере зарубежных стран и Казахстана.

**Ключевые слова:** государственно-частное партнерство, ГЧП, государство, бизнес, проект, социальная политика, экономический рост, механизм, частный сектор.

*В.О. Akhataeva<sup>1</sup>, R.A. Nurtazina<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Eurasian National University named after L.N. Gumilyov  
Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **PUBLIC-PRIVATE PARTNERSHIP: THE PROCESS OF FORMATION AND DEVELOPMENT**

*Abstract*

The article discusses the theoretical aspects of public-private partnership: goals, objectives, regulation through the improvement of public policy mechanisms. A discourse is being made on the formation of public-private partnerships and the effectiveness of the mechanism of relations between the state and the private sector on the example of foreign countries and Kazakhstan.

**Keywords:** public-private partnership, PPP, government, business, project, social policy, economic growth, mechanism, private sector

**Кіріспе.** Әлеуметтік экономиканың қарқынды дамуының басты қадамы мемлекет пен бизнестің өзара тиімді қарым-қатынасы болып табылады. Мемлекет пен бизнестің өзара тиімді бірігуінің басты мақсаты мемлекеттік-жеке меншік әріптестік құру негізінде мемлекеттік бюджет қаржысын үнемдей отырып, шығын мен пайда, жауапкершілік пен жетістікті теңдей бөле отырып, елдің экономикалық өсімін, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын, қоғамдық маңызды объектілердің қызмет сапасын көтеруге бағытталған. Бүгінгі күні нарықтық экономика саясатын ұстанатын мемлекеттердің экономикалық тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етудің ең тиімді әдісі мемлекет пен бизнестің өзара конструктивті қарым-қатынас құра алуы екендігі даусыз. Бұған мемлекеттік - жеке меншік әріптестіктік (әрі қарай МЖӘ) бойынша бұрыннан жұмыс жасап келе жатқан шет елдердің тәжірибесі дәлел. Мемлекеттің және жеке сектордың әлеуметтік маңызы бар міндеттерді шешудегі өзара тиімді іс - қимылы қазіргі уақытта елімізде де кеңінен таралуда. Дегенмен, МЖӘ соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық сферадағы аса маңызды мәселелердің бірі болғандықтан көп зерттеуді талап етеді. Айта кету керек, мемлекет пен бизнестің өзара бірігіп жұмыс жасауына екі жақ та мүдделі, себебі:

- әлеуметтік-экономикалық өмірдің келешегі мемлекет үшін әлеуметтік маңызы бар функцияларды орындауды қажет етеді, оны бюджетке аса салмақ салмай, қарқынды дамытып жүргізу үшін МЖӘ ең тиімді құрал;

- жеке сектор, бизнес өкілдері де ұзақ мерзімді, жаңа инвестициялық жобаларға қызығушылық танытады, оларға қатысуға өз тарапынан мүдделі.

МЖӘ - мемлекеттік меншіктің маңызды, стратегиялық активтерін жекешелендірудегі маңызды қадам. Мемлекеттің және бизнес құрылымдардың басты мақсаты МЖӘ жүйесін тиімді жүзеге асыру арқылы аймақтық, мемлекеттік деңгейде әлеуметтік-экономикалық жағдайды дамыту, инфрақұрылымды жетілдіру, қоғамдық қызмет сапасын арттыру.

**Мақсаты мен міндеттері.** Мақаланың мақсаты мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің қалыптасу тарихына шолу жасай отырып, мемлекет пен жеке сектор арасындағы қарым қатынас механизмінің тиімділігін анықтау. Мемлекеттің МЖӘ жобаларын іске асырудағы басты мақсаты - инновациялық жобалардың құнын, олардың шығындарын төмендету, заманауи менеджментті пайдалану арқылы қызметтерді көрсетуде жеке бизнес мүмкіндіктерін кеңейту арқылы технологиялық өзгерістерді, инновациялық қызметті жетілдіруге жетудегі нақты қадамдарды зерделеу. Мемлекет пен жеке сектор арасындағы қарым –қатынастың өзара тиімділігін анықтау, қоғамдық маңызы бар объектілердің ағымдағы қызметін жоспарлау, салу, қаржыландыру және басқару мәселелерімен байланысты тәуекелдер мен жауапкершілікті тең бөлінуінің тиімділігін зерделеу.

МЖӘ қатынасын құрудағы мемлекеттің маңызды мақсаты - бюджетке жобадан түсетін кірісін арттыру болса, соған жету тетіктерінің жүзеге асырылуы барысы мен қаншалықты тиімді екендігін қарау. Бюджеттің табыстары жағдайдың жандануына және өңірлердің инвестициялық тартымдылығының өсуіне байланысты артатыны белгілі, сәйкесінше жеке сектордың мүддесі неғұрлым қорғалса, соғұрлым бизнес өкілдерінің қызығушылығын тудыраы сөзсіз.

МЖӘ механизмі әлемдік тәжірибе көрсеткендей, мемлекеттік ресурстардың шектеулі жағдайында қоғамдық маңызды объектілерді жоспарлау, салу, жаңғырту, күту және пайдалану үшін қажетті қаржылық базаны қамтамасыз ететін аса тиімді балама құралдардың бірегейі. Халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруда және экономиканы әртараптандыруға қажетті инфрақұрылымды жетілдіруде осы механизмнің пайдалы жақтарын ашу, мемлекет пен жеке сектор арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың маңыздылығын көрсету.

**Мемлекет пен жекеменшік әріптестігінің шығу тарихына** көз салар болсақ, тіпті Ежелгі Рим дәуірінде мунициптер (municipal – қазіргі заманғы муниципалитеттердің арғы атасы) пошта станциялары, порттар, су өткізгіш жолдар, базарлар және моншалар сияқты антикалық инфраструктуралар объектілерін басқаруды жекеменшікке беру тәжірибесін қолданған[1]. Францияда XVI-ғасырдан бастап мемлекет өз бақылауы аясында жекеменшік сектор есебінен әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерді, оның ішінде көлікпен қамтамасыз ету және коммуналдық қызметтерді дамытуды қолға ала бастаған. Нақтырақ айтсақ, 1552 жылы

Францияда қоғамдық инфрақұрылым саласындағы ең алғашқы концессия – Адам де Крапонн деген кәсіпкерге Кро алқабында канал салу жобасы берілген.

Ал, Ұлыбританияда мемлекеттік концессиялар жекеменшікке XVII-XVIII ғасырлардан бастап берілді – мысалы, Англия мен Уэльс елдерінде маяк қызметтері мемлекет пен бизнес өкілдерінің әріптестігі, бүгінгі күнгі мемлекеттік-жеке меншік принципі бойынша жетілді. Нәтижесінде, XIX ғасырда концессионалды механизмді жүзеге асыру барысында жүздеген шақырым теміржолдар, ірі-ірі кеме каналдары және көптеген басқа да инфрақұрылымдық кешендердің құрылысы аяқталып, қолданысқа берілді. Осы көсеткіштер XIX ғасырдың концессияның «Алтын ғасыры» деп аталуына арқау болды. Атап айтқанда, XIX ғасырда концессия механизмімен жүзеге асырылған атақты жобаларға тоқталсақ, Суэц каналы (1855 жыл) мен Париждегі Эйфель мұнарасы (1887-1889 жылдар).

МЖӘ терминінің заман талабына сай мазмұны, оның бүгінгі мазмұны мен қызметіне орай қайта жаңғыруы, жан-жақты тиімділігі мен пайдалылығы XX ғасырдың 80-жылдарында Ұлы Британ елінде бастау алады деп қаралады. Бұл әріптестік түрі кейінгі кезде мемлекеттік және халықаралық дәрежеде инфрақұрылымды дамытып, жетілдіруге бағытталған инновациялық қарым-қатынас түрі ретінде қабылданғанымен, бұл бұған дейін МЖӘ баламасы болмаған деген сөз емес, көптеген елдерде бұған дейін де мемлекет пен жеке меншік секторы арасындағы өзара шаруашылық қарым-қатынас түрлері әр кезеңде өз деңгейінде дамып отырған. Мысалы, Италия, Бразилия, Испания, Мексика, Францияда және Америка Құрама Штаттарында мемлекет пен жеке меншік иелерінің арасындағы біріккен жобалардың болғандығы белгілі.

Бұл жөнінде Ұлыбританиялық ғалым Стивен Хокинг Линдер өз еңбегінде «Сексенінші жылдардың соңындағы серпін мен қажетті реформалық дәреже алғанына қарамастан, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік билік үшін жаңашылдық емес. Он жылдан астам уақыт бұрын Америка Құрама Штаттарында федералдық үкіметте мұндай әріптестік ешқандай салтанатсыз, реформалық мөрсіз-ақ, қала инфрақұрылымын дамытуда жеке инвестицияны ынталандыру құралы ретінде қолданылды[2]» деп жазған. Сондай-ақ, ғалымның пікірінше, МЖӘ аймақтық экономиканы қалыптастырып, дамытуда федералдық бастама-жобаларды шоғырландырудың тетігі болған.

МЖӘ сипатының саналуан аспектілерін, осы әріптестіктің құрылуы мен қызмет ету процестерін шетелдік ғалымдар Бру Стенли Л., Галбрейт Дж. К., Дженкс Э., Кейнс Дж., МакКоннелл Кэмпбелл Р., Маршалл А., Льюис М., Эукен В., Стиглиц Дж.У., және басқа бірқатар ғалымдар зерттеген.

Мысалы, ағылшын ғалым - экономисті Альфред Маршалл (1842-1924 жж) өзінің «Саяси экономия принциптері» (1890 ж.) деген еңбегінде «саяси экономия» термині «экономикалық теория» ұғымымен пара-парлығын айтты. «Саяси экономика - әл-ауқаттылықтың материалдық негізін құру және қолданумен өте тығыз байланысты саласы болып табылады. Бұл нақты шындық жиынтығы емес, тек нақты шындықты ашу үшін құрал-сайман ғана». Яғни, бұл жерде мемлекеттің материалдық негізін құрудың тиімді жолдарын қараудың қай кезде де өзекті болғанын аңғаруға болады.

Содан бері өткен ғасырдан астам уақыт ішінде экономикалық ғылым (алдағы талдауда байқалғандай) жаңа зерттеулермен толықтырылды. Атап айтқанда, бұндай зерттеулер дамыған елдерде кеңінен тараған «Экономикс» (авторлары П.Самуэльсон, Кэмпбелл Р.Макконелл, Стэнли Л.Брю және басқалары) типтес оқулықтарында баяндалады [3].

Экономикалық теория Д. Рикардо мен К. Маркстің зерттеулерінде еңбек құны теориясына догматикалық көзқараспен қараудан босатылды. XIX-шы ғасырдың соңғы ширегінде құн мәселесін шешуге жаңа тәсілдің кең қолданысы етек алады, нәтижесінде жоғарыда аталған «шектеу пайдалылық» теориясы туындады. Жаңа тәсілдің басты идеясы: құнды тек шығындарды есептеп анықтау ғана емес, (мейлі еңбекте немесе «үш факторда» — еңбек, жер, капиталда болсын) сонымен қатар тұтынушыға әкелетін қосымша пайдалылық бірлігін қоса есептеу арқылы анықтау[4].

Экономикалық зерттеулерде жекелеген нарықтық субъектілердің нақты қарым-қатынастарын қарастыру XIX-ғасырдың екінші жартысында жақсы бағыт алды. Осы кезеңде зерттеуші-экономистер шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану мәселелерін зерттеуге талпыныс жасады. Сәйкесінше, бұл экономикалық ғылымның атауының өзгеруіне себеп болды, «Саяси экономия» термині А.Маршаллдың 1890 жылы шыққан «Экономикс принциптері»

еңбегіне сай «экономикс» болып алмастырылды. Жаңа бағыттың негізін қалаған ағылшын ғалым-экономисі А. Маршалл (1842-1924) және А.Пигу (1877-1959) бұл бағыт негізінде экономикалық теорияны шектеулі ресурстарды тиімді пайдалану ғылымы ретінде қарастырды.[5]

Маршалл басты назарына тұтынушылар мен өндірушілердің өз әл-ауқаттылық дәрежелерін арттыру мүмкіндіктерін іздеуі мен талдауын алды, яғни, әл-ауқатты арттыруға тек еркін бәсекелестік қана негіз бола алады және бұл нарықтың тепе-теңдігін реттейтін бірден бір тәсіл болып табылады. Бұл талдаулар бүгінгі күні экономикалық ғылымның «алтын қорына» енгізілген. Бұл талдаудың әдістері: сұраныс икемділігі, шекті талдау, нарықтардың өзара тәуелділігі, уақыт факторын ескеру, сол арқылы қысқа және ұзақ мерзімдердің арасындағы айырмашылықтарды анықтау, фирма теориясындағы өндіріс ауқымы тиімділігін сараптау, т.с.с.[5]

Бұл зерттеушілердің еркін бәсекелестікті жақтап, мемлекетті тек бақылаушы ретінде қарастыратын экономикалық теориясы ХХ-ғасырдың екінші жартысына дейін микроэкономикалық талдау аясында қарастырылып келді. Алайда, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік жағдайында мемлекет ұйымдастырушы және бақылаушы-қадағалаушы, яғни шешуші тарап болып табылады. Қорытындыласақ, кез-келген қоғамдық маңызы бар жобаның барлық тәуекелдері мен жауапкершілігін мемлекет пен жеке сектор арасында теңдей бөлгеннің өзінде қадағалау, бақылау функциясы мемлекет тарапында қалатындығы анық.

Сондай-ақ, А.Маршалл өзінің «Саяси экономия принциптері» (1890 ж.) жұмысында: «Д. Рикардо мен К.Маркстың зерттеулеріндегі құндық теориясы мен шекті пайдалылық теориясы («маржиналдылық») бірдей дамымайды, сондықтан оларды синтездеуді жүзеге асыру қажет» деген болатын [6].

Нәтижесінде, шекті пайдалылық теориясы мен классикалық құнның еңбек теориясын біріктіру арқылы ғылыми құн теориясын құруға жол ашты.

Сонымен қатар, экономикс қағидаттары, мемлекеттік сектор экономикасы, халықаралық бәсеке және ХХІ ғасырдағы менеджменттің міндеттері туралы жазылған К.Р. Макконелл, С.Л. Брю, Э.Б. Аткинсон, Дж.Э. Стиглиц, М. Портер, П.Ф. Друкердің еңбектерінде зерттелген. Бұл зерттеулердің нәтижесінде жоғарыда аталған теориялардың мемлекеттік-жеке меншік әріптесінің пайда болып, дамып, жетілуіне өзіндік үлес қосқанын байқауға болады.

Ресейдің экономикалық әдебиеттерінде мемлекет пен бизнестің қарым- қатынасының дамуына маңызды үлес қосқан ғалымдар Абалкин Л.И., Афанасьев М.Н., Белоусов П.А., Варнавский В.Г., Глазьев С.Ю., Дробот Г.А., Некипелова А.Д., Осадчая И.М., Зудин А.Ю., Перегудов С.П., Шамхалов Ф.И., Шишков Ю.И., Ясин Е.А.

Белгілі сарапшы Абалкин Л.И. экономикалық саясат және экономикалық тетіктерін қарастырған[6]. Оның ең танымал жұмыстары:

- «Дағдарыс жылы»,
- «Ресей бизнесі бойынша ескертпелер»,
- «Тағдыр бұрылыстарында: көңіл және үміт»,
- «Өтпелі экономика курсы»,
- «Ресей үшін таңдау».

Ресейдегі МЖӘ саяси –құқықтық аспектілері М.В. Вилисова, С.С.Сулакшина, Е.А.Хрусталева, В.И.Якунина еңбектерінде көрініс тапты.

«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік» түсінігінің мазмұнын жан-жақты талдасақ, зерттеушілердің көбі мемлекеттік-жеке меншік әріптестігін инвестициялық жобалардың қаржыландырылуы мен жүзеге асырылуының мемлекет пен жеке сектордың бірігіп атқаратын жобасы ретінде анықтайды. Мысалы, П.Бруссер және С.Рожкова мемлекеттік жеке меншік әріптестікті «инфрақұрылым объектілерінің жоспарлау, қаржыландыру, салу және қолданысқа беру мақсатындағы мемлекеттік билік пен жеке сектордың өзара шаруашылық қарым қатынасының дәстүрлі механизмін дамыту» деп анықтай отырып, «инвестиция тартудың жаңа сапалы және тиімді әдісі» деп көрсетеді.[7]

Дегенмен бұл анықтама мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің қызмет аясын тарылтады, мазмұнын тек инфрақұрылымды дамыту қызметімен шектейді. Алайда, мемлекеттік –жеке меншік әріптестіктің игілігін қоғамның инфрақұрылымнан басқа да салаларында – саясат, мәдениет, ғылым т.б. пайдалануға болады. Аясы мазмұнын толық ашпайтын бұл анықтаманың

берілу себебін мемлекеттік-жеке меншік әріптестік терминінің негізі қаланған шет елдерге қарағанда посткеңестік аймақта әріптестік механизмінің енді қалыптасып, әлі де болса дамуында болуымен түсіндіруге болады.

Ресейдің экономист-ғалымы В.Г.Варнавский болса жалпылама сипаттағы анықтама береді: «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі – ұлттық және халықаралық, ауқымды және жергілікті қоғамдық маңызы бар жобалар мен өндірістің стратегиялық маңызы бар салалары мен қоғамдық қызмет түрлерін қамтитын кең спектрлі қызмет түрлеріне негізделген бағдарламаларды жүзеге асыру мақсатындағы мемлекет пен бизнес арасындағы ұйымдастырушы және институционалды альянсы». Тағы бір ескеретіні, жеке меншік әріптестікті көбіне «жартылай жекешелендірумен» байланыстырады, мысалы, Варнавский В.Г. әріптестікті стратегиялық маңызы бар мемлекеттік меншіктегі объектілерді толық жекешелендірілуінің альтернативасы, қосалқы, жартылай жекешелендіру сипатын бере отырып қарастырады.[8]

Себебі, мемлекеттік-жеке меншік әріптестік толық бюджеттік қаржыландырылуы шектеулі, жекешелендіруге жатпайтын салалар бар. Мысалы, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, транспорт, әлеуметтік сала, елді мекендерді абаттандандыру, мәдени мұраларды күту және қорғау стратегиялық маңызы бар салалардың құзырын мемлекет пен бизнес арасында бөліп, басқарып, бақылауға мүмкіндік бар. Нарық тұрғысынан қарастырғанда, жоғарыда көрсетілген объектілердің активтері жеке кәсіпкерлер үшін аса тартымды да табысты емес, бірақ қоғамдық маңызды объектілер, ал, мемлекетпен біріксе екі жақты тиімді екені анық. Осы жерде МЖӘ мемлекет пен бизнес аралық жекешелендірудің басқарылатын жекешелендіру баламасы қарастыруға толық негіз бар.

МЖӘ байланысты келесі бір ұстаным - Майкл Б.Джерард «Finans & development» журналына жариялаған өзінің «Мемлекеттік жеке меншік әріптестік» мақаласында «әріптестік мемлекет пен бизнестің өзара қарым қатынас шекарасында тұрғанымен, жекешелендіру немесе қоғамдық маңызды объектілерді халық игілігіне айналдыру институты ретінде емес, тек мемлекеттің қоғам алдындағы маңызды міндеттерін тоқтаусыз өтеуін оптимизациялауының бір формасы ретінде қарастырады» деп баяндаған болатын[9].

Мысалы, Ұлы Британ елінде МЖӘ шын мәнісінде мемлекеттің қоғам алдындағы міндеттерін өтеуге негізделе отырған құралы ретінде пайдаланылады. Тек Ұлы Британ елі емес, МЖӘ өз тәжірибесінде қолданып келе жатқан кез-келген мемлекеттің әріптестікті қолдауының негізгі мақсаттарының бірі болып қоғамдық маңызы бар объектілерді жобалау, салу, пайдалану барысында жеке сектор өкілдерін тарта отырып, жауапкершілік пен шығынды екеуара бөле отырып, бюджет қаржысын үнемдеу табылады.

Көрші Ресей Федерациясының нормативті құқықтық базасын талдасақ, «Томск облысындағы мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің негізі туралы» 16.10.2006 ж. Заңында әріптестікті төмендегідей анықтайды: «Томск облысы және Томск облысы муниципалды ұйымдары бір жағынан және шаруашылық субъектілері екінші жағынан, арасындағы аймақтық және жергілікті өңірлердің инновациялық мүмкіндіктерін дамыту, облыстық және муниципалдық меншіктегі инфрақұрылымдық және әлеуметтік сала объектілерін жоспарлау, қаржыландыру, реконструкциялау, жөндеу, салу, эксплуатацияға беруге байланысты құрылған өзара қарым қатынасы» [10].

Ал, Санкт-Петербург «Санкт-Петербурдың мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктерге қатысуы» туралы Заңында «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік - Санкт-Петербург мен ресей немесе шет ел жеке тұлғалары немесе заңды тұлғалары арасындағы қарапайым серіктестік келісім шарты негізіндегі (бірігіп жұмыс жасау туралы) әлеуметтік маңызды жобаларды жүзеге асыру мақсатында жасалатын өзара тиімді қатынасы».

Берілген анықтамалар Ресей Федерациясының түрлі облыстарында мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің әр қилы сипатталатынын көрсетеді.

Қазіргі таңда әлем елдерінің әрқайсысында мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің анықтамасы, мазмұны, даму деңгейі мен бағыттары әртүрлі, және кейбір елдерде, оның ішінде Қазақстанда да аталған қарым-қатынастардың қалыптасуы мен енгізілуі бүгінгі күнге дейін жүргізіліп жатыр. Қазақстандағы МЖӘ қызмет сапасы әлі же жетілу мен дамуды талап етеді, себебі мемлекеттің қоғам алдындағы міндеттері тиісті дәрежеде және тоқтаусыз өтеу механизмі толыққанды іске қосылмаған.

ҚР «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңы 31.10.2015 жылы (№379V) бекітіліп, қолданысқа енді. Заң қабылданғанға дейін мемлекеттік-жеке меншік әріптестіктің өзара қарым-қатынасы ҚР 2006 жылғы 07 шілдедегі № 167 «Концессиялар туралы» Заңымен реттеліп отырған. Іс жүзінде «Концессиялар туралы» Заң енгенге дейін де МЖӘ сипаты бар мемлекет пен бизнес арасында ірі көлемді жобалар іске асырылған. Оның айғағы, 2005 жылы ең ірі пилоттық концессиялық жоба негізінде «Шар-Өскемен» теміржол желісінің құрылысы басталды. Бұл МЖӘ саласындағы алғашқы жоба болғандықтан, бұл жобаның оң нәтижелі болуы маңызды еді, себебі, әрі қарай қалған жобалардың жүзеге асырылуына жол ашатын бірден бір шешуші жоба болды.[11]

ҚР «Концессиялар туралы» Заңы тек әлеуметтік инфрақұрылым және өмір сүруге қажетті объектілерге негізделген қолданыс аясы тар әріптестік қарым-қатынасын реттесе, «Мемлекеттік-жеке меншік туралы» Заңы экономиканың барлық салаларын жанөжақты қамтыды. Бұл МЖӘ дамуындағы алға ілгерілеушілік бар екенін байқаймыз.

Заңға сай МЖӘ – бұл мемлекеттік және жеке меншік сектордағы инфрақұрылымдық қызметтер мен қоғамдық қызмет көрсету жобаларын жүзеге асыру мақсатындағы әріптестік және де МЖӘ құқықтық жағдайлары, оның жүзеге асырылу тәсілдері және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын дайындау мен іске асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарттарын жасау, орындау және тоқтату процесінде туындайтын қоғамдық қатынастар «Мемлекеттік жеке меншік туралы» Заңымен реттеледі [10].

Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік – мемлекет пен жеке сектор арасындағы әріптестік қызметі сапасын мемлекеттің бақылауын сақтай отырып, жеке кәсіпкерлердің бастамаларының жүзеге асуына мүмкіндік беретін, арнайы институционалды және құқықтық базаға негізделген, қоғамдық маңызы бар нысандарды жоспарлау, қаржыландыру, реконструкциялау, салу және қолданысқа беру мақсатында құрылған өзара тиімді қарым қатынасы.

Қазақстан тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары мемлекеттік- жеке меншік әріптестігі мемлекеттік активтерді басқарудың тетігі ретінде жүзеге асырылды. Алғашқы кезеңде инвесторларға тек концессия ғана ұсынылған болатын, анығын айтқанда, еліміздегі концессия объектілерін шетел концессионерлеріне жалға беру ғана қаралды.

Бүгінгі күні дамыған және дамушы елдердің барлығы дерлік МЖӘ механизмін енгізген, әр қайсысының қалыптасу, даму, жетілдіру деңгейі мен бағыттары әртүрлі, бұл әр мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатына да байланысты болса керек. Соның ішінде Қазақстан да шетел тәжірибесіне сүйене отырып, көптеген жұмыстар атқарды және әлі де МЖӘ стратегиялық даму жолын анықтауда. Қалыптасуы мен енгізілуі, тиімді, тиімсіз тұстары зерттеліп, үнемі жетілдіру үстінде.

ҚР Мемлекеттік-жеке меншік әріптестігі Орталығы ҚР Ұлттық экономика Министрлігімен бірігіп, Қазақстанда МЖӘ механизмі енгізілгеннен бастап, оның қалыптасуы, дамуы, жетілдірілуі және тиімділігін арттыру бағытында үздіксіз жұмыс жасап келеді.[13]

Соңғы жылдары дәстүрлі мемлекеттік сатып алудың орнына сапасы мен бағасы үйлесім тапқан баламасы ретінде МЖӘ көбірек қарастырылуда.

Қазақстан МЖӘ Орталығы елімізде жүзеге асырылатын әр жобаны мақұлдас бұрын, осыған дейін жіберілген методологиялық және жекелеген қателіктер негізінде мұқият зерттеп, олардың қайталануына жол бермеу амалдарын жасап, шет ел тәжірибесіндегі ұқсас жобалардың жүзеге асырылу нәтижесін зерделеп, салыстыра отырып, бағалау жүргізіп, болжам жасау арқылы шешім шығаруға күш салатынын аңғаруға болады. Бұған дәлел Қазақстанға МЖӘ ресми түрде енгізілгелі бері шет елдік тәжірибелерді алға тартып, солардың озық технологияларын енгізе отырып, түрлі бағдарламалар, нормативтік – құқықтық актілер, Заңдар қабылданды, үстіміздегі жылы ақпан айында Бірінші Халықаралық «Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік – инвестиция тарту құралы: модельдер және тәжірибе» тақырыбы аясында Конференция, т.б. халықаралық конференциялар ұйымдастырылып, тәжірибе алмасып, МЖӘ қызметін барынша сапалы, әрі тиімді ету жолдары талқылануда.

Бүгінгі күні «МЖӘ жобаларының қаржылық салымды көбірек қажет ететін және жүзеге асырылу жағынан алдыңғы қатарда тұрған салалар білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, энергетика және тұрмыстық-коммуналдық шаруашылық салалары» деді өз сөзінде 2019 жылдың қазан айында өткен Үкімет Отырысында Ұлттық экономика Министрі Р.Даленов[13].

МЖӘ бойынша жүзеге асырылу үшін жоспарланып отырған жобалар саны күн санап артып келеді. Бұл өсу тенденциясы тек біздің елде емес, әлемнің жүзден аса елдерінде көрініс тауып отыр. Бұл МЖӘ мемлекет пен бизнес өкілдері үшін өзара тиімділігінің дәлелі.

### **Қорытынды.**

Қорыта келе, мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің қалыптасуы мен дамуын салыстырмалы әдіс арқылы ғалымдардың еңбектерін зерделей отырып, әдебиеттерге талдау жасау, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік ұғымы мен оған берілген анықтамаларды қарастыру – бұл ұғымның мазмұнына үлкен назар аударылып отырғандығын аңғартады. МЖӘ мемлекеттерде қалыптасуы мен даму процессін байқаймыз.

«Мемлекеттік – жеке меншік әріптестік қоғамдық маңызы бар объектілердің жоспарлау, қаржыландыру, жөндеу, салу, қолданысқа беру, әлеуметтік қызмет көрсету жобаларын жүзеге асыру асыру мақсатындағы, институционалдық және құқықтық-нормативтік актілерге негізделі отырып жасалатын, жеке кәсіпкерлердің тың бастамаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін сонымен қатар мемлекет өз тарапынан бақылай алатын мемлекет пен жеке сектор арасындағы өзара тиімді серіктестігі»

Сонымен қатар, әлеуетті серіктестердің мүдделерін қорғай отырып жасалған құқықтық-нормативтік актілердің жасалуы, сапалы институционалды ортаның қалыптасуы мемлекеттік-жеке меншік әріптестігінің одан әрі жетіліп, дамуына жол ашады. Бүгінгі күні мемлекеттік-жеке меншік әріптестік үшін бірыңғай терминдер мен нормативтік база қалыптасқан. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту Бағдарламасында айтылғандай, МЖӘ тетігін табысты іске асырудың алғашқы қадамы осы заңның мемлекеттік-құқықтық формациясы болуы тиіс. Мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғамның ортақ міндеті мемлекеттің экономикалық дамуын ынталандыру және тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту үшін МЖӘ жүйесі тиімділігін арттыру болып табылады.

### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Ежелгі дүние тарихы. Оқулық. Алматы: «Атамұра», 2006
2. Стивен Хокинг Линдер "Краткая история времени", 1988.
3. Макконелл К.Р., Брю С.Л., Экономикс: принципы, проблемы и политика М: Республика, 1992
4. Шеденов Ө.К., Сағындыков Е.Н., Жүнісов Б.А., Байжосартов Ү.С., Комягин Б.И., Жалпы экономикалық теория Ақтүбе-2004.
5. Маршалл А., Пигу А., Экономическая мысль Запада/ Принципы экономической науки. – 1993.
6. От экономической теории до концепции долгосрочной стратегии // Абалкин Л. Проблемы современной России. М., 2011, с. 39-47. (статья с аналогичным названием в журнале «Вопросы экономики»)
7. Бруссер П., Рожкова С. Государственно-частное партнерство – новый механизм привлечения инвестиций // Рынок ценных бумаг. – 2007. - №27 – С.29-33)
8. Варнавский В. Приватизационные процессы в инфраструктуре: успехи и ошибки реформ//Мировая экономика и международные отношения – 2005.- №8. – С.109-113.
9. Gerrard M.B. What are public-privat partnerships, and how do they differ from privatizations? // Finans & development. – 2001. – Vol.38. N 3.
10. [htt://www.flexa.ru/law/spb/spb016.shtml](http://www.flexa.ru/law/spb/spb016.shtml).
11. Мемлекеттік –жеке меншік туралы ҚР Заңы, 31.10.2015 ж. Ст1. ппб. №379-VҚРЗ
12. Казбаева Н. Шар – Усть-Каменогорск – первый концессионный проект // журнал «Магистраль» (РК), 2008, № 8, с.18-20
13. <https://primeminister.kz/ru/news>. «ҚР Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурс» сайты

### *References*

1. Ezhelgi dunie tarihy. Oqulyq. Almaty: «Atamura», 2006
2. Stiven Hoking Linder "Kratkaya istoriya vremeni", 1988.

3. Makkonell K.R., Bryu S.L., *Ekonomiks: principy, problemy i politika M: Respublika, 1992*
4. Shedenov O.K., Sazyndykov E.N., Zhunisov B.A., Baizhomartov U.S., Komyagin B.I., *ZHalpy ekonomikalık teoriya Aktyube-2004.*
5. Marshall A., Pigu A., *Ekonomicheskaya mysl' Zapada/ Principy ekonomicheskoy nauki. – 1993.*
6. *Ot ekonomicheskoy teorii do koncepcii dolgosrochnoj strategii // Abalkin L. Problemy sovremennoj Rossii. M., 2011, s. 39-47. (stat'ya s analogichnym nazvaniem v zhurnale «Voprosy ekonomiki»)*
7. (Brusser P., Rozhkova S. *Gosudarstvenno-chastnoe partnerstvo – novyj mekhanizm privilecheniya investicii // Rynog cennyh bumag. – 2007. - №27 – S.29-33)*
8. Varnavskij V. *Privatizacionnyye processy v infrastrukture: uspekhi i oshibki reform//Mirovaya ekonomika i mezhdunarodnye otnosheniya – 2005.- №8. – S.109-113.*
9. Gerrard M.B. *What are public-privat partnerships, and how do they differ from privatizations? // Finans & development. – 2001. – Vol.38. N 3.*
10. [htt://www.flexa.ru/law/spb/spb016.shtml](http://www.flexa.ru/law/spb/spb016.shtml).
11. *Memlekettik –zheke menshik turaly KR Zany, 31.10.2015 zh. St1. pp6. №379-VKRZ*
12. Kazbaeva N. Shar – Ust'-Kamenogorsk – pervyj koncessionnyj proekt // zhurnal «Magistral'» (RK), 2008, № 8, s.18-20
13. <https://primeminister.kz/ru/news.>«KR Prem'er-Ministrinin resmi akparattyk resurs» saity